

Күзет қызметін көрсету саласында мемлекеттік лицензиялар беру жөніндегі қызметті реттеу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 30 қыркүйек N 1507. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.10. N 686 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.10. N 686 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы N 2200 Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.04.05. N 407 қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Заңды және жеке тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруына лицензиялар берудің тәртібі;
- 2) Күзет сигналын беру құралдарын монтаждау, реттеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиялар берудің тәртібін бекітсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 30 қыркүйектегі

N 1507 қаулысымен

бекітілген

Заңды және жеке тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруына лицензиялар берудің

Тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп заңды және жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет ретінде күзет қызметін жүзеге асыруына мемлекеттік лицензиялар берудің ретін, шарттары мен есепке алынуын белгілейді.

2. Күзет қызметін лицензиялаудың мақсаттары:

қолданылуы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына тарайтын;
қолданылуы Қазақстан Республикасының белгілі бір аумағымен шектелетін.

7. Күзет қызметін лицензиялауды жүзеге асыратын органдар:

Лицензиялар беру жөніндегі уәкілетті орталық атқарушы орган (лицензиар)
Қазақстан Республикасының ІІМ болып табылады;

Лицензиар заңдарға және осы Тәртіпке сәйкес өзінің аумақтық органдарына
күзет қызметін лицензиялау жөнінде өкілеттіктер берудің тәртібін айқындайды.

2. Лицензия берудің шарттары мен тәртібі

8. Күзет қызметімен байланысты қызметтерді көрсетуге лицензия алуға
үміткер - заңды және жеке тұлға - осы Тәртіппен белгіленген біліктілік
талаптарына сай болуға міндетті.

9. Күзет қызметіне байланысты заңды қызметтерді көрсетуге лицензия алуға
үміткер заңды тұлға лицензиарға мынадай құжаттарды табыс етуге міндетті:

1) белгіленген үлгідегі өтініш;

2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды
куәландырылған көшірмесі;

3) лицензиялық алымды төлегені туралы түбіртек;

3-1) күзет қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік
талаптарының сәйкестігін растайтын құжаттар.

*Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.29. N 411
қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).*

10. Күзет қызметімен байланысты қызметтерді көрсетуге лицензия алуға
үміткер - жеке тұлға, лицензиарға мынадай құжаттарды табыс етуге міндетті:

1) белгіленген үлгідегі өтініш;

2) лицензиялық алымды төлегені туралы түбіртек;

2-1) күзет қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік
талаптарының сәйкестігін растайтын құжаттар.

*Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.29. N 411
қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).*

11. Заңды тұлға құрусыз күзет қызметімен байланысты қызметтерді көрсетуге
лицензия алуға үміткер - жеке тұлға, заңды тұлға үшін белгіленген тәртіппен
л и ц е н з и я а л а д ы .

12. Лицензия өтініш берілген күннен бастап бір айлық мерзімнен
кешіктірілмей, шағын кәсіпкерліктің субъектілері үшін он күндік мерзімнен
к е ш і к т і р і л м е й б е р і л е д і .

13. Заңды және тұлғалардың, азаматтар мен заңды тұлғаларға қызмет
көрсетуге байланысты күзет қызметін жүзеге асыру құқығына арналған
лицензиялық алымның мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді

13-1. Заңды тұлғаның атауы (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген), орналасқан жері (егер ол лицензияда көрсетілсе) өзгерген жағдайда, лицензиат бір айдың ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда лицензиат көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бұл туралы бір ай мерзім ішінде жазбаша түрде лицензиарға хабарлайды.

Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он күн ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжатты беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде лицензиялық алым төленеді.

Лицензияны жоғалтқан жағдайда лицензиат телқұжат алады. Лицензиар он күннің ішінде лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша лицензияның телқұжатын береді. Бұл ретте лицензиат Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерде лицензиялық алым төлейді.

Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.29. N 411 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

14. Лицензия беруден бас тарту: Лицензия:

1) осы Тәртіпте белгіленген біліктілік талаптарына сай келмейтін заңды және жеке тұлғаларға;

2) егер күзет қызметімен айналысу құқығы үшін алынатын алым енгізілмесе;

3) егер өтініш берушіге қатысты оған күзет қызметімен айналысуға тыйым салынған сот шешімі болса;

4) егер осы Тәртіптің 9 және 10-тармақтарына сәйкес барлық құжаттар табыс етілмесе заңды және жеке тұлғаларға берілмейді.

Лицензия беруден бас тартылған кезде лицензия беру үшін белгіленген мерзімде дәлелді жауап қайтарылады.

Лицензиар лицензия беруден бас тартқан себептерді өтініш беруші ол бойынша жойған кезінде, өтініш жалпы негіздерде қаралады.

15. Егер лицензия осы Тәртіпте белгіленген мерзімде берілмесе немесе бас тарту өтініш берушіге негізсіз болып көрінген жағдайда, ол бір ай мерзімде бұл әрекетке сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

16. Лицензия беруден негізсіз бас тартудан немесе лицензиаттың құқықтарын бұзудан туындаған залалдарды өтеу азаматтық заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

17. Лицензия:

лицензиялар қайтарылып алынған;
лицензия берілген жеке тұлға қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда, өзінің қолданылуын тоқтатады.

18. Заңды тұлға қайта тіркелген кезде лицензия сақталады.

19. Лицензияның қолданылуының тоқтатылуымен байланысты дауларды
с о т т а р ш е ш е д і .

20. Лицензия:

1) лицензиат лицензияда жазылған талаптарды орындамаған;
2) лицензиатқа жүзеге асыруға лицензиясы бар қызмет түрімен айналысуға
с о т т ы й ы м с а л ғ а н ;

3) ол бойынша лицензиар лицензияның қолданылуын тоқтатқан себептер жойылмаған жағдайларда сот тәртібімен кері қайтарылып алынуы мүмкін.

21. Лицензиар тоқтата тұрудың себептерін көрсете отырып лицензияның қолданылуын алты айға дейін тоқтата тұруға құқылы.

Лицензиат сондай-ақ лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

22. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға түрткі болған себептер жойылғаннан кейін лицензия лицензиардың қорытындысы негізінде қайта күшіне енеді.

3. Күзет қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары

23. Заңды тұлғаларға арналған біліктілік талаптары мыналарды қамтиды:

1) жеке күзет ұйымының, мемлекеттік органның ведомстволық күзет бөлімшесінің, заңды тұлға мен жеке кәсіпкердің күзет бөлімшесі басшысының жоғары заңгерлік білімі немесе құқық қорғау органдарындағы кемінде үш жыл жұмыс өтілі болуы және күзетшілерге қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Күзет бөлімшесін құру кезінде заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер Күзет бөлімшесі туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

2) күзетші лауазымына 21 жасқа толған, күзетшінің арнайы даярлығынан (күзетшіні оқытудың арнайы курсынан) өткен, соттылығы жоқ, денсаулық жағдайы бойынша күзет қызметімен айналысуға жарамды (көзінің нашар көруіне, психикалық ауруына, алкогольизмге немесе нашақорлыққа байланысты қаруды меңгеруіне қарсы көрсеткіштердің болмауы) Қазақстан Республикасының азаматтары қабылдануы мүмкін;

3) (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

4) (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

5) қарулар мен оқ-дәрілерді сақтауға арналған үй-жайлардың болуы;

6) күзет ұйымы жеке құрамының толық сауалнамалық деректері бар тізімінің

б о л у ы .

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.29. N 411 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

24. Жеке тұлғаларға арналған біліктілік талаптары мыналарды қамтиды:

1) күзет қызметіне лицензия алуға үміткер жеке тұлғаға осы Тәртіптің 23-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптар қойылады;

2) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгені туралы құжаттың және ішкі істер органдары полициясының учаскелік инспекторынан мінездеменің болуы;

3) оның жеке кәсіпкер ретінде тіркелгенін растайтын құжаттың болуы.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.29. N 411 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

4. Есепке алу және бақылау

25. Осы Тәртіптің негізінде заңды және жеке тұлғаларға берілген лицензиялардың бірыңғай есебін жүргізу үшін уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасында дайындалған қатаң есеп құжаттары болып табылатын белгіленген үлгідегі лицензиялардың нөмірленген бланкілерін береді. Лицензиялық бланкілерді беру арнаулы журналда есептеледі.

26. Әрбір берілген лицензия бойынша лицензиар байқау ісін жүргізеді, онда өтінішпен бірге ұсынылған барлық құжаттар сақталады. Іс лицензияны берген уәкілетті органда сақталады.

27. Осы Тәртіпке сәйкес күзет субъектілерінің лицензиялық ережелерді сақтауын бақылауды лицензиар жүзеге асырады.

28. Лицензияны берген лицензиар олардан өзінің құзыретінің шеңберінде тиісті құжаттарды тапсыруды және бақылау функцияларын орындау үшін қажетті жазбаша немесе ауызша ақпаратты алуды талап етуге құқылы.

29. Лицензия жоғалған уақытта лицензиар жоғалған лицензияның дубликатын береді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1999 жылғы 30 қыркүйектегі

N 1507 қаулысымен

бекітілген

Күзет сигналын беру құралдарын монтаждау, реттеу және техникалық қызмет көрсету қызметімен айналысу құқығына лицензиялар берудің

Тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп кәсіпкерлік қызмет ретінде күзет сигналын беру құралдарын монтаждау, реттеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік лицензияларының ретін, оны берудің шарттары мен есепке алынуын белгілейді.

2. Заңды және жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметі ретінде күзет сигналын беру құралдарын монтаждау, реттеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты орындауды жүзеге асыруы міндетті түрде лицензиялануға жатады.

3. Лицензиялардың түрлері:

1. Лицензиялар мынадай белгілері бойынша бөлінеді:

Субъектілер бойынша:

- 1) жеке тұлғаларға берілетін;
- 2) заңды тұлғаларға берілетін лицензиялар.

2. Қызмет ауқымы бойынша:

заңды және жеке тұлғалардың күзет сигналын беру құралдарын монтаждау, реттеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруына мерзімі шектелмей берілетін бас лицензиялар.

3. Қолданылуының аумақтық аясы бойынша:

- 1) қолданылуы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына тарайтын;
- 2) қолданылуы Қазақстан Республикасының белгілі бір аумағымен шектелетін.

4. Лицензиялар беру жөніндегі уәкілетті орталық атқарушы орган (лицензиар) Қазақстан Республикасының ІІМ болып табылады.

Лицензиар заңдарға және осы Тәртіпке сәйкес өзінің аумақтық бөлімшелеріне күзет қызметін лицензиялау жөнінде өкілеттіктер берудің тәртібін айқындайды.

4-1. Қазақстан Республикасының аумағында күзет сигналын беру құралдарын монтаждау, реттеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде заңды және жеке тұлғалар тек атауы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жыл сайынғы бюллетенімен айқындалатын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сертификаттау жүйесінің сәйкестік сертификаты бар арнайы техникалық құралдарды ғана пайдалана алады.

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.29. N 411 қаулысымен.

2. Лицензия берудің шарттары мен тәртібі

5. Күзет сигналын беру құралдарын монтаждау, реттеу және техникалық қызмет көрсету қызметімен айналысуға лицензия алуға үміткер заңды немесе жеке тұлға лицензиарға мынадай құжаттарды табыс етуге міндетті:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) лицензиялық алымды төлегені туралы түбіртек;

3-1) көрсетілген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензия алу кезінде заңды және жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарына лицензиаттың сәйкестігін растайтын құжаттар.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.29. N 411 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

6. Заңды тұлға құрусыз қызметтің осы түрімен айналысатын жеке тұлғалар, лицензияны заңды тұлға үшін белгіленген тәртіппен алады.

7. Лицензия өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей, шағын кәсіпкерліктің субъектілері үшін он күндік мерзімнен кешіктірілмей беріледі.

8. Күзет сигналын беру құралдарын монтаждау, реттеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алымның мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

8-1. Заңды тұлғаның атауы (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген), орналасқан жері (егер ол лицензияда көрсетілсе) өзгерген жағдайда лицензиат бір айдың ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда лицензиат көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бұл туралы бір ай мерзім ішінде жазбаша түрде лицензиарға хабарлайды.

Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он күн ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжатты беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде лицензиялық алым төленеді.

Лицензияны жоғалтқан жағдайда лицензиат төлқұжат алады. Лицензиар он күннің ішінде лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша лицензияның телқұжатын береді. Бұл ретте лицензиат Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген мөлшерде лицензиялық алым төлейді.

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.29. N 411 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

9. Лицензия беруден бас тарту:

Лицензия:

1) осы Тәртіпте белгіленген біліктілік талаптарына сай келмейтін заңды немесе жеке тұлғаларға;

2) егер өтініш берушіге қатысты оған кәсіпкерлік қызметпен айналысуға

тыйым салынған сот шешімі болса;

3) егер кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығына алым енгізілмесе;

4) егер 5-тармақта көрсетілген құжаттар табыс етілмесе берілмейді.

10. Лицензия беруден бас тартылған кезде өтініш берушіге лицензия беру үшін белгіленген мерзімде жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарылады. Өтініш беруші ол бойынша лицензиар лицензия беруден бас тартқан себептерді жойған кезде өтініш жалпы негіздерде қаралады.

11. Лицензия беруден негізсіз бас тартудан немесе лицензиаттың құқықтарын бұзудан туындаған залалдарды өтеу азаматтық заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

12. Егер лицензия осы Тәртіпте белгіленген мерзімде берілмеген немесе бас тарту өтініш берушіге негізсіз болып көрінген жағдайда, ол бір ай мерзімде бұл әрекетке сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

13. Лицензия:

1) лицензия қайтарылып алынған;

2) лицензия берілген жеке тұлға қызметін тоқтатқан, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда өзінің қолданылуын тоқтатады.

14. Заңды тұлға қайта тіркелген кезде лицензия сақталады.

15. Лицензияның қолданылуының тоқтатылуымен байланысты дауларды соттар шешеді.

16. Лицензия:

1) лицензиат лицензияда жазылған талаптарды орындамаған;

2) лицензиатқа жүзеге асыруға лицензиясы бар қызмет түрімен айналысуға сот тыйым салған;

3) лицензиар ол бойынша лицензияның қолданылуын тоқтатқан себептер жойылмаған жағдайларда сот тәртібімен кері қайтарылып алынуы мүмкін.

17. Лицензиар тоқтата тұрудың себептерін көрсете отырып лицензияның қолданылуын алты айға дейін тоқтата тұруға құқылы.

Лицензиат сондай-ақ лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

18. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға түрткі болған себептер жойылғаннан кейін лицензия лицензиардың қорытындысы негізінде қайта күшіне енеді.

3. Күзет сигналын беру құралдарын монтаждау, реттеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензия алу кезінде заңды және жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары

19. Заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қамтиды:

1) күзет сигналын беру құралдарын монтаждау, реттеу және техникалық

қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысуға лицензия алуға үміткер ұйым басшысының жұмыстың осы бейініне сәйкес келетін жоғары білімі болуы м і н д е т т і ;

2) радио жиілікті спектрі бар күзет сигналын беру жүйелерін монтаждау мен пайдалану кезінде санитарлық және экологиялық қадағалау органдарының қ о р ы т ы н д ы с ы б о л у ы ;

3) күзет сигналын беру құралдарын монтаждау, реттеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізушіде жоғары кернеулі жұмыстарға рұқсат етілуі және осы мамандық бойынша кемінде екі жыл жұмыс ө т і л і б о л у ы ;

3-1) күзет сигналын беру құралдарын реттеу, техникалық қызмет көрсету және жөнделетін жабдықтың техникалық жағдайын тексеруді жүзеге асыру үшін санитарлық және экологиялық нормаларға жауап беретін үй-жайдың, жабдықтың (немесе оларды жалға алу шартының) болуы.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.29. N 411 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

20. Жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары:

1) өтініш берушіде осы жұмыстың бейініне сәйкес келетін жоғары немесе орта техникалық білімінің болуы міндетті;

2) өтініш берушіде жоғары кернеулі жұмыстарға рұқсаты және осы мамандық бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі болуы.

3) радиожиілікті спектрі бар күзет сигналын беру жүйелерін монтаждау мен пайдалану кезінде санитарлық және экологиялық қадағалау органдарының қ о р ы т ы н д ы л а р ы ;

3-1) күзет сигналын беру құралдарын реттеу, техникалық қызмет көрсету және жөнделетін жабдықтың техникалық жағдайын тексеруді жүзеге асыру үшін санитарлық және экологиялық нормаларға жауап беретін үй-жайдың, жабдықтың (немесе оларды жалға алу шартының) болуы.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.29. N 411 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

4. Есепке алу және бақылау

21. Осы Тәртіптің негізінде заңды және жеке тұлғаларға берілген лицензиялардың бірыңғай есебін жүргізу үшін уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасында дайындалған қатаң есеп құжаттары болып табылатын белгіленген үлгідегі лицензиялардың нөмірленген бланкілерін береді. Лицензиялық бланкілерді беру арнаулы ж у р н а л д а е с е п т е л е д і .

22. Әрбір берілген лицензия бойынша лицензиар өтінішпен бірге ұсынылған барлық құжаттар сақталатын байқау ісін жүргізеді. Іс лицензияны берген

уәкілетті органда сақталады.

23. Осы Тәртіпке сәйкес лицензиялық ережелердің сақталуын бақылауды лицензиар жүзеге асырады.

24. Лицензияны берген лицензиар олардан өзінің құзыретінің шеңберінде тиісті құжаттарды ұсынуды және бақылау функцияларын орындау үшін қажетті жазбаша немесе ауызша ақпарат алуға құқылы.

25. Лицензия жоғалған жағдайда лицензиар лицензияның көшірмесін береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК